

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 2003 жылғы 5 наурыз N 224. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 960 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2020 № 960 қаулысымен.**

Қарудың жекелеген тұрлерінің айналымын мемлекеттік бақылауды одан әрі жетілдіру, сондай-ақ құндылықтарды, поча байланысы қызметкерлерінің денсаулығы мен өмірін сақтауды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жекелеген қару тұрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 32-33, 399-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесінде Ережеге 6-қосымша осы қаулыға қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған қунинен бастап қүшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 5 наурыздағы  
N 224 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасындағы  
қару мен оның патрондары  
айналымының ережесіне  
6-қосымша

"Қазпочта" ашық акционерлік қоғамының қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген қару және оның

патрондарының тұрлери, ұлғалері, модельдері, саны

1. Фельдъегеръ әрбір фельдъегерге

1 пистолет

2. Экспедитор 2-3 қызметкерден

тұратын ауысымға

1 пистолет

3. Фельдъегерь-жүргізуші әрбір фельдъегер-  
жүргізушіге 1 пистолет

4. Арнайы байланыс бөлімшесінің бастығы 1 пистолет

5. Өндірістік участке бастығы 1 пистолет  
(бастықтың орынбасары)

6. Цех бастығы (бастықтың орынбасары) 1 пистолет

7. Облыстық, қалалық арнайы байланыс 1 пистолет  
қызметінің бастығы (директоры),

(бастықтың, директордың орынбасары)

8. Аға диспетчер (диспетчер) 1 пистолет

9. Почта байланысы торабының бастығы 1 пистолет

10. Почта байланысы бөлімшесінің 1 пистолет  
бастығы

11. Почта вагонының бастығы 1 пистолет

12. ПТБ почта алмасуы жөніндегі жауапты 1 пистолет  
кезекші, арнайы байланыс қызметінің  
жауапты кезекшісі (жауапты кезекшінің  
көмекшісі)

13. Почтамттың және почта байланысы 1 пистолет

торабының бас кассасы мен кассалық

операциялар бөлімінің бастығы

(менгерушісі)

14. Негізгі кассаны меңгеретін почта 1 пистолет

байланысы торабының (бөлімшесінің)

кассирі

15. Почтаны алып жүру және алмастыру 1 пистолет

жөніндегі почтальон

16. Республикалық арнайы байланыс 1 пистолет

қызметінің бастығы және оның

орынбасарлары

17. Касса торабын және кассалық 1 пистолет

үй-жайларды күзету жөніндегі күзетші

18. Ақшалай тұсімдердің инкассациясын әрбір инкассаторға  
және құндылықтарды тасымалдауды 1 пистолет

жүзеге асыратын инкассация қызметінің

қызметкерлері (инкассаторлар)

19. Ақшалай тұсімдердің инкассациясын әрбір жүргізушіге

және құндылықтарды тасымалдауға 1 пистолет  
арналған инкасация қызметінің  
арнайы автомобильдерінің  
жүргізушілері  
Ескерту:

1. Почта байланысы тораптарының және бөлімшелерінің бастықтары, ПТБ жауапты кезекшілері, поштамттардың және почта байланысы тораптарының бас кассасы мен кассалық операциялар бөлімінің бастықтары, негізгі кассаны менгеруші кассирлер жұмыс уақытында қызметтік қажеттілік болған жағдайда қаруланады.

2. Почта вагондарының бастықтары қызметтік міндеттерін орындау кезінде ақшалай сомаларды тасымалдау жүзеге асырылатын бағыттар бойынша жол жүргенде қаруланады.

3. Почтаны алып жүру мен алмасу жөніндегі почтальондар тек жұмыс уақытында ғана, сақтандыру почтасын тасымалдау жағдайында автомобиль және жүк тасу бағыттары бойынша жол жүргенде қаруланады.

Оқ-дәрілер:

---

P/c! ! Патрондардың саны (дана)

N ! Қарудың атауы !-----

! ! қару ! жылдық шығын

! ! бірлігінің !-----

! !азаймайтын ! 1 адамға !қару

! ! қоры ! арналған !бірлігіне

! ! ! практикалық!келетін

! ! ! атыстар !ұрысты

! ! ! !тексеру

---

1. Пистолеттерге 36 64 4

---